

## **Алматы қаласы Алмалы ауданының 114 кварталындағы 30 пәтерлік тұрғын үйдің құрылысын аяқтау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 11 шілдедегі N 894

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Алматы қаласы Алмалы ауданының Төле би, Наурызбай батыр көшелерінің 114 кварталындағы 30 пәтерлік тұрғын үйдің құрылысын аяқтау жөніндегі тапсырысшы Қазақстан Республикасы Президентінің Шаруашылық басқармасы болып белгіленсін.

Осы объектіні пайдалануға беру мерзімі 1996 жылдың желтоқсаны деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің Шаруашылық басқармасы бір апта мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасына аталған объект бойынша жобалау-сметалық және басқа құжаттаманы берсін.

3. Жоғарыда аталған объектінің құрылысын аяқтау жөніндегі бас мердігерінің функциясы "Алым" акционерлік қоғамында қалдырылсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары